



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

**2022 жылғы 14 желтоқсанда
жарияланды**

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Р.В. Склярға**

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Р.В. Склярға арналады және ол елдегі жол қауіпсіздігі проблемаларына қатысты.

Жол қауіпсіздігі еліміздегі ең өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып қалып отырғаны белгілі. Күн сайын көлік құралдарының саны артып, жолдардағы қозғалыс қарқындылығы және тиісінше апаттар саны да арту үстінде.

Жол-көлік оқиғаларында негізгі кінәлілер жылдамдықты шектен тыс асырып, қарсы бетке шығып, мас күйінде рөлге отырған және көбінесе жол қозғалысының қарапайым қағидаларын білмейтін жүргізушілер. Мұндай фактілер күн сайын дерлік тіркеліп жатыр.

Осыған орай, барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіре отырып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша жұмыс істеу тәсілдерін өзгерту, осы бағыттағы шаралар кешенін бекіту қажет деп пайымдаймыз.

Жолдардың жай-күйінің нашарлығы да апаттардың бір себебі болып отыр. Бұған жауапты ведомстволар жолдардың сапасын бақылау мен қадағалауды толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Сарапшылардың мәліметі бойынша, жол-көлік оқиғасынан зардап шеккендердің басым бөлігі қаладан тыс жердегі жолдарда апатқа ұшырағандар. Бұл жолдарымыздың әлі де қауіпті екенін көрсетіп отыр. Алайда жолдарды салуға және реконструкциялауға қомақты бюджет қаражаты бөлініп жатқанына қарамастан, осындай жағдайлар жиі орын алуда.

Жоғарыда көрсетілгендермен бірге автомектептерде жүргізушілерді даярлау сапасына қойылатын талаптарды күшейту қажет және ең алдымен, автомектептердің қызметіне деген көзқарастарды өзгерту қажет деп есептейміз.

Құрметті Роман Васильевич!

Сіздің назарыңызды келесі мәселелерге аударып отырып:

1) құқықтық мәдениет деңгейін көтеру және барлық субъектілердің Жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтауы;

2) қауіпті аймақтарда қозғалыс қауіпсіздігін, жарықтандыруды, бейнебақылауды қамтамасыз ететін жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құру және қайта реконструкциялау;

3) халыққа көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-қимылын нығайту;

4) мектептер мен балабақшалардың айналасында қауіпсіздік аймақтарын ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау қажет деп санаймыз.

Осы депутаттық сауалымызға заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған

Қазақстан Республикасы Парламенті

Мәжілісінің депутаттары

В. Набиев

С. Абдрахманов

А. Амирханян

І. Бұларов

Н. Дементьева

Ю. Ли

З. Кузиев

Ш. Осин

А. Хамедов

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаты,

«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі

Г. Шиповских

Жұмажанова А.С.

74-67-80



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламенті
«__» _____ 20 __ года

Оглашен 14 декабря 2022 года

**Первому Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Скляр Р.В.**

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

Наш депутатский запрос адресован Первому Заместителю Премьер-Министра Скляру Р.В. и связан с проблемами дорожной безопасности в стране.

Как известно, безопасность дорожного движения в стране остается одним из самых актуальных и важных вопросов. С каждым днем растет количество транспортных средств, увеличивается интенсивность движения на дорогах и, соответственно, аварий.

Основными виновниками ДТП являются водители, которые превышают скорость, выезжают на полосу встречного движения, садятся за руль в состоянии опьянения и зачастую не знают элементарных Правил дорожного движения. Чуть ли не каждый день регистрируются такие факты.

В этой связи полагаем, что необходимо менять подходы к работе по профилактике ДТП, объединив усилия всех заинтересованных сторон, утвердить комплекс мер в этом направлении.

Плохое состояние дорог также является одной из причин ДТП. Ответственные за это ведомства не в полной мере обеспечивают контроль и мониторинг качества дорог.

По данным экспертов, большая часть всех жертв ДТП пострадали на загородных трассах. Это говорит о том, что наши дороги все еще не безопасны. А ведь на строительство и реконструкцию дорог выделяются значительные бюджетные средства.

Наряду с вышеуказанным, считаем также, что следует повышать требования к качеству обучения водителей в автошколах, и в первую очередь, необходимо изменить подходы к деятельности автошкол.

Уважаемый Роман Васильевич!

Обращая Ваше внимание на следующие вопросы, считаем необходимым принять меры по:

1) повышению уровня правовой культуры и соблюдению требований Правил дорожного движения всеми субъектами;

2) созданию и реконструкции пешеходной инфраструктуры, обеспечивающих безопасность передвижений, освещение, видеонаблюдение в зонах риска;

3) укреплению взаимодействия органов государственной власти и местного самоуправления в сфере организации транспортного обслуживания населения;

4) организации зон безопасности вокруг школ и детских садов.

Просим дать письменный ответ на данный депутатский запрос в установленный законодательством срок.

С уважением,

**депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
избранные Ассамблеей народа Казахстана**

**В. Набиев
С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
З. Кузиев
Ю. Ли
Ш. Осин
А. Хамедов**

**Депутат
Мажилиса Парламента Республики Казахстан,
член фракции партии «AMANAT»**

Г. Шиповских